

"Жамбыл ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 ақпандағы №38-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 3 шілдедегі № 45-2 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 шілдеде № 4272 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы №504 қаулысына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жамбыл ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 20 ақпандағы №38-3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4122 болып тіркелген, эталондық бақылау банкіде 2019 жылдың 4 сәуірінде электрондық түрде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

9 тармақтың 3) тармақшасында:

екінші абзацта "150 000 (бір жүз елу мың)" деген сандар "300 000 (үш жүз мың)" деген сандармен ауыстырылсын;

төртінші абзацта "15 000 (он бес мың)" деген сандар "50 000 (елу мың)" деген сандармен ауыстырылсын;

бесінші абзацта "15 000 (он бес мың)" деген сандар "50 000 (елу мың)" деген сандармен ауыстырылсын.

11 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның не өзге де ұйымдардың ұсынымы бойынша, Жамбыл аудандық әкімдігінің бекітетін тізімі бойынша көрсетіледі".

12 тармақ өзгеріссіз қалдырылсын.

20 тармақта "13 және 14" деген сандар "16 және 17" деген сандармен ауыстырылсын

25 тармақта "Арттық" деген сөз "Артық" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әкімшілік аумақтық құрылым, жер, халықтың денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін, мүгедектерді, ана мен баланы қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл аудандық сессиясының төрағасы Н. Бегманов

Жамбыл аудандық мәслихаты хатшысы Р. Бегалиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК